



АЛАТАУ арайы

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_arayy@mail.ru
www.alatauarayy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№127 (432) // 20 қараша // бейсенбі // 2025 жыл

ӨРЛЕУ

БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Talgar Eco City жобасына жауапты «Talgar Development Ltd» компаниясының өкілдерімен кездесті. Басқосуды ашқан Марат Елеусізұлы облыс аумағынан бой көтеретін заманауи қала жобасының аймақ үшін айрықша маңызды екенін атап өтті.

● Ерзат АСЫЛ

Ең алдымен Марат Сұлтанғазиев «Talgar Eco City» жобасын әзірлеген Біріккен Араб Әмірліктері мен отандық инвесторларға облыстың әлеуметтік-экономикалық және инвестициялық әлеуетін таныстырды. Аймақ басшысының айтуынша, Алматы облысы – ауыл шаруашылығы мен туризмнің ірі орталығы. Өткен жылдың қорытындысы бойынша облыс экономикасы оң көрсеткішке қол жеткізген. Бүгінде аймақта шетелдік капиталдың қатысуымен бірқатар ауқымды жоба жүзеге асуда.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халықаралық әріптестермен ірі инвестициялық жобалардың іске асырылуын ерекше бақылау қажеттігін сан мәрте айтқан болатын. Осы тұрғыдан алғанда бүгінгі кездесудің мәні зор. Бұл экономикалық байланыстарды одан әрі нығайтуға жол ашады. Әрбір инвестор біз үшін маңызды. Сол себепті де бизнесті жүргізу үшін ашық, сенімді және

жайлы жағдайларды қамтамасыз етуге дайынбыз. Біздің ынтымақтастығымыз өндірің дамуына елеулі үлес қосатынына, жаңа жұмыс орындарының ашылуына негіз болатынына және озық технологияларды енгізуге мүмкіндік беретініне сенемін», – деді Марат Елеусізұлы.

Өз кезегінде сөз алған «Talgar Development Ltd» компаниясы директорлар кеңесінің мүшесі Хайссам Каддураның айтуынша, аталған жоба аясында тұрғын үй кешендері, мектептер, медициналық мекемелер, сауда ойын-сауық орталықтарын салу және жасыл қоғамдық кеңістіктер құру жоспарланған. Сонымен қоса жобада экологиялық тазалық және жасыл технологияны қолдануға басымдық беріледі. «Біз қазақстандық кәсіпорындармен бірлесіп, 11,8 млн шаршы метр аумақты қамтитын 180 000 тұрғынға арналған жаңа қала салуды көздеп отырмыз. Болашақ қала аумағында тұрғын үй кешендері, бизнес орталықтары мен білім беру,

медициналық және әлеуметтік нысандар бой көтермек. Онда жасанды интеллект арқылы қызмет көрсететін жаңа инфрақұрылымдар салынады. Жаңа қала 36 мың жұмыс орнын ашуға және 14 миллиард доллардан астам инвестиция тартуға мүмкіндік береді», – дейді Talgar Eco City жобасын таныстырған халықаралық деңгейдегі менеджер Хайссам Каддура.

Жиынға қатысқан ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев «Talgar Eco City» жобасындағы жаңа қала аумағынан ғылыми зерттеу орындарын салудың маңызды екенін тілге тиек етті.

Кездесуде аймақ басшысы Марат Сұлтанғазиев жобаның жүзеге асуына жан-жақты қолдау көрсететінін жеткізді. Атап айтқанда, облыс әкімдігі инженерлік желілерге қосылу және 2028 жылға дейінгі Алматы агломерациясын дамыту бағдарламасы аясында сыртқы инфрақұрылымды жетілдіруге күш салатын болады. Айталық, «Talgar Eco City» жобасының Бас жоспарын БАӘ-нің AE7 халықаралық компаниясы әзірледі. Жобаны жүзеге асыру мақсатында биылғы шілде айында Алматы халықаралық қаржы орталығының базасында қазақстандық «Dinar Holding Ltd» мен Әмірліктің «44Degree» компанияларының қатысуымен «Talgar Development Ltd» бірлескен кәсіпорны құрылды.

ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Облыс әкімінің орынбасары Бақытнұр Бақытұлының төрағалығымен ауыл шаруашылығына субсидия беру мәселесіне қатысты жиын өтті. Шаруа қожалығының иелері мен кәсіпкерлер бас қосқан жиынға ҚР Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, Қаржы және Ұлттық экономика министрліктерінің өкілдері онлайн қатысты.

Субсидия беріле ме?



Кездесуде Бақытнұр Бақытұлы күн тәртібіндегі мәселенің өзектілігіне тоқталып, ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуда қаржылық қолдаудың маңызды екенін атап өтті.

Жиынға қатысқан кәсіпкерлер өз уәждерін ортаға салды. Олардың айтуынша, қаржы ұйымынан шаруашылықты жүргізуге 6 пайызбен несие алған. Несие пайызын ауыл шаруашылығы басқармасы субсидиялап беретін болып келісілген. Алайда басқарма тарапынан жыл басынан бері субсидия қаражаты түспегендіктен, шаруалар қарыздарын қайтара алмаған. Ал қарыз пайызы күн сайын артуда. Оған қоса қаржылық ұйым қызметкерлері күнде қонырау шалып, мазаларын алуда. Шаруалардың кепілге қойған жылжымайтын мүліктері де күйіп кететін түрі бар.

Бұл мәселеге қатысты жауап берген Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков бүгінде көптеген шаруа мемлекет тарапынан берілетін пайыздық мөлшерлеменің субсидиясын жыл басынан бері ала алмай, нәтижесінде несиелерін жоғары пайызбен жабуға мәжбүр болғанын айтты. «Берілетін субсидияға арнайы бюджет қаржысы бөлінбеген. Мәселені шешу үшін қазір қосымша қаражат сұрап жатырмыз. Ол бөлінген жағдайда кредиттік ұйымдардың несие мөлшерлемесін төмендету бойынша қаражат төленіп беріледі. Біз қыркүйек айында өтінім бергенбіз. Енді ол бюджет қарау кезінде нақты шешіледі. Сонымен қоса басқалай қаржыландыру жағын да талқылап жатырмыз», – деді Ербол Қуанышұлы.

Ал шаруалар базинасын жеткізген қожалық несі Еркін Бейсекен егер субсидия берілмесе, ауыл шаруашылығы кері кететінін, малдың бәрі сатылып, шаруашылықтар құлдырайтынын алға тартты.

Облыстық басқарма тарапынан республикалық бюджеттен қаржы бөлуге өтінім берілген. Қаржы мақұлданған жағдайда шаруалардың несие мөлшерлемесін төлеу үшін субсидия бөлінбек. Сонымен қоса «Аграрлық несие корпорациясы» облыстық филиалымен бірлесіп, шаруалардың өтінішін оңтайландыру жолы қарастырылуда. Дегенмен, қаражаттың қашан түсетіні әзірге белгісіз.

Ермұрат МҰҚЫРБАЙ



КЕЛІСІМНІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

Қонаев қаласында облыстық мәслихат төрағасы, ҚХА мүшесі Қуат Байғожаевтың «Ассамблея. Парламент. Мәслихаттар» жобасы аясында этномәдени бірлестіктер және қоғамдық құрылым өкілдерімен кездесуі өтті.

● Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

«Қазақстан халқы Ассамблеясы – елдегі ішкі тұрақтылықтың кепілі» тақырыбындағы басқосуды ашқан Қонаев қалалық мәслихатының төрағасы Серік Нұрқадыров «Ассамблея. Парламент. Мәслихаттар» жобасының мақсат-міндетіне тоқталды. Сонымен бірге облыстық Ассамблеяның барлық этностарды азаматтық және рухани-мәдени бірлікке бастап, бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру бағытында нәтижелі жұмыс істеп келе жатқанын, бытыр ҚХА жанынан депутаттық топ құрылғанын, оның қоғамдық келісім мен этносаралық татулықты нығайту бағытында маңызды қадам болғанын тілге тиек етті.

Алғашқы сөз кезегін алған Қуат Сұлтанұлы қоғамдағы тұрақтылық пен татулықты сақтауда бірге еңбек етіп келе жатқан түрлі этнос өкілдерімен бір алаңда басқосудың маңызы зор екенін атап өтті.

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы еліміздің алдағы даму бағытын нақтылап берді. Бұл стратегиялық құжатта Қазақстанды жасанды интеллект дәуіріне бейімдеу, әлеуметтік әділеттілік, технологиялық жаңғыру және экономикалық серпіліс



мәселелеріне ерекше назар аударылды, – деген облыстық мәслихат төрағасы Жолдаудағы жеті негізгі бағыт бойынша кең көлемде мағлұмат берді.

Әрі қарай сөзін сабақтаған Қуат Байғожаев Жолдау жүктеген міндеттердің баршамызға ортақ жауапкершілік екенін еске салды.

– Алматы облысы – 105 этнос өкілінің ортақ шаңырағы. Бұл – біз үшін үлкен мақтаныш әрі жауапкершілік. Бүгінде облыс аумағында жұмыс істейтін этномәдени бірлестіктер бірлік пен татулықты насихаттап, дәстүр мен мәдениетті ұлықтауда айрықша еңбек сіңіріп жүр. Олардың бастамасымен өтетін түрлі форум мен іс-шаралар – елдегі қоғамдық келісім мен бірліктің нақты көрінісі. Алматы облысының мәслихаттарында 228 депутат қызмет атқаруда. Оның ішінде түрлі этнос өкілдері де бар. Олар – ел ішіндегі келісім мен тұрақтылықтың

шынайы жақтаушылары. Біз – бір шаңырақ астында бірлік пен татулықта өмір сүріп жатқан үлкен отбасымыз. Осындай бірліктің арқасында талай белесті бағындырдық, әлі де алар асуымыз көп, – деп сөзін аяқтады Қуат Сұлтанұлы.

Мінберге шыққан Қонаев қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәмектен Нүсіпбекова ғимарат тапшылығынан, 6 ұйымның бір бөлмеде отырғанын, іс-шара өткізетін орын табылмай қалатынын қынжыла жеткізді. Одан кейін облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы жетекші журналистер мен сарапшылар клубының мүшесі, облыстық «Огни Алатау» газетінің бас редакторы Забира Сәйділдінаның «Этножурналистика – қоғамды біріктірудің нәзік құралы» тақырыбында баяндамасы тыңдалды.

(Соңы 2-бетте) ➡

БАСПАСӨЗ – 2026
Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны басталды. Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны,
Тілі бай, қазынасы мол бағалы.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз:
87476881741, 87082109571
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ЖАЛПЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ (жыл бойы):

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	11485,44	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	21228,48	14653,44
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	10765,44	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЛДІ



Суретті түсірген—Аслан ҚАЖЕКЕ

Елімізде жергілікті басқару жүйесін жетілдіру мақсатында жүзеге асырылып жатқан реформалардың бірі – ауыл әкімдерінің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған «Әкімдер мектебі» бағдарламасы. Кейінгі кезде сайланған ауыл әкімдері арасында мемлекеттік қызмет атқармаған азаматтар да кездеседі. Статистикалық мәліметтерге жүгінсек, олардың саны 50 пайыздан асады.

Айжарық КӨПТІЛЕУОВ

Мемлекеттік қызметте тәжірибесі аз сайланған ауыл әкімдері Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Алматы облысы бойынша филиалында аймақтық саясат, мемлекеттік басқару, жергілікті экономиканы дамыту, салық жүйесі, инвестиция тарту, цифрлық басқару және тәуекелдерді басқару бағыттары бойынша білім алады.

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында айтылған жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту және әкімдерді тікелей сайлау жүйесін жетілдіру туралы тапсырмасына сәйкес колға алынған жоба аясында қазіргі уақытта аталған оқу орнында дәріс алып жатқан ауыл әкімдерімен кездесті.

Басқосуды ашқан облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы Қазыбек Дәуітәлиев ауыл әкімдерінің тікелей сайлау жүйесі арқылы қызметке келуін маңызды демократиялық кадам деп бағалады. Сонымен бірге біліктілігін арттырып жатқан ауылдық округ әкімдері Мемлекеттік басқару академиясымен қатар, «AMANAT» партиясының саяси менеджмент академиясы ұсынған дәріскерлерден де тәлім алатынын жеткізді.

Марат Елеусізұлы бұл кездесудің өткен жылғы жақсы дәстүрдің

жалғасы, өзара ашық пікір алмасудың тиімді алаңы болып отырғанын атап өтті.

– Осында отырған баршаңыз – халықтың тікелей қалауымен сайландыңыздар. Бұл – сенім әрі үлкен жауапкершілік. Облыстың барлық ауыл әкімдерін халық өзі тандады. Алдағы кезеңде әрбір әкім өз ауылында нақты нәтижеге бағытталған жұмыс атқаруы тиіс. Бұл – халықтың сенімін ақтау жолындағы ең басты міндет. Ауылдағы өмір сүру сапасын көтеру үшін жол, су, жарық, интернет секілді негізгі инфрақұрылым мәселелерін жүйелі түрде шешу қажет. Жергілікті кәсіпкерлікті дамыту арқылы жаңа жұмыс орындарын ашу, жастардың ауылда тұрақтауына жағдай жасау – өзекті бағыттардың бірі. Әлеуметтік салаға да баса назар аударылуы тиіс. Мектеп пен балабақшаның жағдайы, медициналық қызметтің сапасы, мәдениет нысандарының қолжетімділігі – ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейіне тікелей әсер ететін факторлар. Осы салаларда жоспарлы түрде жұмыс жүргізу – әкімдердің басты міндеті. Бұл бағытта облыс деңгейінде барлық қолдау көрсетіледі. Халық өздеріңізге сеніп, жүгінетіндіктен, әрбір мәселені «облыс немесе аудан шешеді» деп күтпей, шешімін іздеп, нақты ұсыныспен шығу – ең тиімді жол. Ауыл әкімдері нақты мәселелерді тұрақты көтеріп, оларды шешу жолдарын қарастыруы

тиіс, – деген аймақ басшысы «Әкімдер мектебі» жобасының ауыл әкімдерінің басқарушылық және коммуникативтік қабілеттерін арттыруға, жаңа тәсілдер мен тиімді тәжірибелерді меңгеруге зор мүмкіндік беріп отырғанын баса айтты. Сонымен қатар осы оқытулар негізінде Премьер-Министр орынбасары Қанат Бозымбаевтың төрағалығымен «Ауыл әкімдерімен диалог алаңы» форумын ұйымдастыру бойынша өткізілген кеңесте өзекті мәселелер талқыланып, заңнамаға өзгеріс енгізу туралы бастама көтерілгенін жеткізді. Бұл ауыл әкімдерінің ұсыныстары мен ескертпелерінің жоғары деңгейде ескеріліп, тиісті шаралардың қабылданып жатқанын көрсететінін айтқан Марат Елеусізұлы кеңесте көтерілген бірқатар маңызды бағыттарға қысқаша тоқталып өтті.

– 28 қарашада Астана қаласында Мемлекет басшысының қатысуымен Ауыл әкімдерінің республикалық диалог-платформасының ұйымдастырылуы әкімдер рөлін күшейтуге, олардың пікірін естуге және ауылдарды дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың жаңа деңгейге көтерілгенін білдіреді. Президент пен Үкіметтің ауылды дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындауда әрқайсыңыз белсенділік танытып, халықтың сенімін ақтайсыздар деп сенемін. Ауылдың болашағы біздің бірлескен еңбегімізге байланысты. Сондықтан елдімекендердің өркендеуі үшін жауапкершілікті сезіне отырып, жүйелі, сапалы жұмыс атқарайық, – деді облыс әкімі.

Кездесу соңында біліктілігін арттырып жатқан ауыл әкімдері облыс әкімі Марат Сұлтанғазиевпен естелік суретке түсті.

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

2006 жылы Қарай ауылдық округінен көпбалалы аналар жер учаскесін сатып алады. Кейін олар алаяқтарға алданғанын біледі. Көпбалалы аналар бұл жерді жеңілдетілген бағамен алған. Бірақ заңды түрде рәсімдей алмаған. Сол себепті сотқа жүгінуге мәжбүр болған. Бұл жерге иелік еткен М. Бұтабаева, Ж. Балқыбекова, Г. Мамытова алаяқтықпен айналысқаны үшін 7 жылдан бас бостандықтарынан айырылып, абақтыға отырып, жазасын өтеп келген. Бірақ тұрғындарға ақша сол күйі қайтарылмаған.

ЖЕР ДАУЫ ҚАШАН БІТЕДІ?

Бағдат ШОЙБАС

Мәселе шешімін таппағандықтан тұрғындар облыс әкімдігіне арызшағым түсірген. Осыған орай облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев Қарай ауылдық округіне арнайы келді. Жиынға облыстық және аудандық прокуратура, жауапты сот орындаушылар, облыстық жер қатынастары басқармасы мен аудандық жер қатынастары бөлімінің қызметкерлері мен округ әкімдігі мамандары қатысты.



Зардап шеккендердің айтуынша, жерді сату бастама-сын көтерген бұрынғы қоғам жетекшісі М.Бұтабаева оларды жер учаскелерімен таныстырып, құрылыс жоспарын көрсеткен. Бірақ кейінірек жердің ауыл шаруашылық мақсатында бөлінгені анықталған. Бұдан әбiгерге түскен тұрғындар салған ақшасын қайтаруды сот арқылы талап еткен. Сот жерді аукционға шығарып, тұрғындарға ақшаларын қайтару туралы шешім шығарған.

Бірақ көпбалалы аналар бұл шешіммен келіспей, өздеріне берілген жер телімін қайта талап етіп отыр. «Бізге ақша қайтарылады деп уәде берді. Бірақ қазір ол 250 мың теңгенің еш құны жоқ. Біз келіспейміз. Жерімізді бермейміз, осы үшін біз 18 жыл бойы күресіп жатырмыз», – дейді тұрғын Алмагүл Мұхаманова.

Облыс әкімдігі жағдайды реттеу үшін комиссия құрмақ. Себебі жер 2001 жылы жекеменшікке уақытша берілу мақсатында бөлінген. Қазіргі таңда ол жер Бас жоспарға да енбеген. Алайда жергілікті билік өкілдері комиссия құрып, мәселені реттеу үшін жұмыс істейтіндерін мәлімдеді. «Біз құжаттарды рәсімдеп, облыста қарайтын боламыз. Жәбірленушілермен апта сайын кездесіп, ақпарат бере отырып, дауды өршітпей шешуге тырысамыз. 2013 жылы шыққан сот үкімі бойынша алаяқтықпен айналысқан азаматтар өз жазасын өтеп келді. Облыс тарапынан комиссия құрылады. Түсіндіру жұмысы жалғасады. Зардап шеккен 322 адам тізімде бар, осы тұрғындарға барынша көмек көрсетіледі», – деді халыққа басу айтуға әрі мәселенің мән-жайын білу үшін келген облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаев.

Облыс әкімдігі бұл мәселені шешуге бел шеше кіріспек. Көпбалалы аналар да соңына дейін күресуге дайын. Олар өздеріне тиесілі жер телімін алуды талап етуде. Жапа шеккендер сот шешіміне қарсы апелляция беріп, өз құқықтарын қорғауға барынша күш салмақ.

Іле ауданы

«SAQTAN» ЖОБАСЫ

БЕЛСЕНДІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Биыл облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың тапсырысы бойынша «Paruz еріктілері» қоғамдық бірлестігі «SAQTAN» жобасы аясында түрлі шара өткізді. Мақсаты – жастар арасындағы нашақорлық, суицид, құмар ойындарға тәуелділік, зиянды әдеттердің таралуы және буллинг сияқты қоғам үшін үлкен алаңдаушылық туғызып отырған мәселелердің алдын алу.

Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

Осы жылдың мамыр айында басталған шаралар алты ай бойы жалғасып, Қонаев қалалық кітапхана-сында өткен брифингте қорытындыланды. «Paruz еріктілері» жастар қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әділет Айтқазының айтуынша, жоба алты бағыт бойынша жұмыс істеген. Алдымен мәселелер жиі туындаған елдімекендер мен колледждерде семинарлар ұйымдастырылып, оған 1100-ден астам жас қатысқан. Онда кәсіби психологтар мен сарапшылар

жастарға тәуелділік түрлері және олардың психологиялық, әлеуметтік салдары туралы баяндап, құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша тәжірибелік кеңестер берген. Есірткі жарнамасына қарсы күрес бағытында қоғамдық орындарда, көпқабатты үйлердің ауласында, аялдамалар мен оқу орындары маңында көп кездесетін граффити жазбалар өшірілген. Облыс бойынша 120 ерікті, мәслихат депутаттары, қоғам белсенділері, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, сондай-ақ журналистер мен блогерлер

қатысқан 10 түнгі рейд жүргізілген. Нәтижесінде 137 әкімшілік хаттама толтырылып, ата-аналарға түсіндіру жұмысы атқарылған. Сондай-ақ жастар уақытын тиімді пайдалану үшін, салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында колледж студенттері арасында спартакиада өткізілген. Футбол және волейбол жарысында 1700-ге жуық студент сыңға түсіп, финалда 300-ден астам спортшы бақ сынаған. Жеңімпаздар ақшалай сертификат және бағалы сыйлықтармен марапатталған. Сонымен қатар зиянды әдеттердің алдын алуға бағытталған бейнеүзінділер түсіріліп, «TikTok», «Instagram» және «YouTube» желілерінде жарияланған.

– Әуелде жобаға 2000 адам қатысады деп жоспарлағанбыз. Бірақ бұл межеден асып, шараларда бой көрсеткен жастар саны 3500-ден асты. Бұл жұмыстар әлеуметтік тапсырыс аясында іске асты. Дегенмен, жобаның маңыздылығын ескере отырып, қосымша шығынды талап етпейтін бағыттарды өз деңгейімізде алдағы уақытта да жалғастырамыз. Бұл бастама жыл сайын дәстүрлі түрде жүзеге асырылуы қажет деп санаймыз, – деді Әділет Нұрболатұлы.

Облыстық жастар саясаты жөніндегі басқарманың басшысы Мәди Ахметов өңірдің республикада жастардың саны бойынша Алматы, Астана қалалары мен Түркістан облысынан кейін төртінші орында тұрғанын, ал жалпы халық санының 30 пайызын құрайтынын айтып, ойын-сауық бағдарламалардан гөрі қоғамға пайдалы шаралар санын арттырып, бірлесе жұмыс істеу маңызды екенін тілге тиек етті. Шара қорытындысында «SAQTAN» жобасына белсене атсалысқан азаматтарға Алғыс хат пен арнайы сыйлықтар табысталды.

КЕЛІСІМНІҢ ЖАРҚЫН КӨРІНІСІ

← (Басы 1-бетте)

Келесі кезекте облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Қонаев қалалық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Бақытбек Дәулетов, орыс мәдениеті орталығының төрағасы Зинаида Волкова, «Қазақстандық ұйғырлардың республикалық этномәдени орталығы» қоғамдық бірлестігінің Қонаев қалалық филиалының төрағасы Рисалят Нуранова, корей этномәдени орталығы төрағасының орынбасары Ирина Пак өздерінің жетекшілік ететін ұйымдарының этносаралық татулықты нығайту бағытында атқарып жатқан жұмыстары туралы сөз қозғады. Содан соң сөз тізгіні «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облысы бойынша филиалының төрағасы Вера Плетневаға берілді.

– Бүгінгі кездесудің мәні – қоғамдағы бірлік идеясын нығайту, ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру. Қазақстан халқы Ассамблеясы этностар татулығын сақтауға, ортақ құндылықтарды дамытуға бағытталған маңызды бастамаларды тұрақты жүзеге асырып келеді. Бұл миссияны алға апаратын ең белсенді күш – жастар. 2021 жылғы Президент тапсырмасымен құрылған «Ассамблея жастары» ұйымы бүгінде этносаралық келісімді нығайтуда өз орнын айқындады. Алматы облысында 86 этнос өкілінен құралған белсенді жастар қауымы өңірдегі қоғамдық келісім бағытындағы жұмыстарға жүйелі түрде қатысып, нақты нәтижелер көрсетуде. Облыс көлемінде ҚХА-ның негізгі бастамалары жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Соның ішінде «Жаңа толқын» жобасы – этнос жастарының көшбасшылық қабілетін дамытуға, оларды қоғамдық өмірге кеңінен тартуға бағытталған маңызды платформа. «Ассамблея жастары» ҚХА-ның басқа да мұзмұнды жобаларына қатысып келеді, – деді Вера Владимировна.

Кездесуді қорытындылаған Серік Нұрқадыров Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылымдары мүшелерінің белсенді жұмысы, жергілікті атқару органдарымен тығыз байланысы көп мәселені шешуге мүмкіндік беретінін атап өтті.



ЖИЫН



БАЛА ТӘРБИЕСІ – БЕСІКТЕН!

Бала тәрбиесі тек мектепте ғана емес, отбасынан басталуы тиіс. Балалардың қоғамдағы мінез-құлқы үшін ата-аналар тікелей жауапты. Осы мәселеге орай Талғар ауданында облыс әкімдігінің бастамасымен бала тәрбиесіне арналған кеңес өтті. Жиынға қатысушылар баланың дұрыс қалыптасуы, ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынас, сондай-ақ зорлық-зомбылық, әлімжеттік, өзіне-өзі қол жұмсау деректері туралы ашық айтты. Іс-шара профилактикалық сипатта болды және қоғамда теріс әрекеттердің алдын алуға бағытталды.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ

Талғар аудандық Мәдениет үйінде өткен жиынға құқық қорғау ұйымдарының, Отбасын қолдау орталықтарының өкілдері, психологтар, балалар құқығын қорғаушылар жиналды. Зал оқушылар мен ата-аналарға лық толды. Іс-шараны облыс әкімі аппаратының бас инспекторы Айғана Асанова ашты. Ол Мемлекет басшысының биылғы Жолдауында айтылған мектептердегі әлімжеттік пен зорлық-зомбылықты жою туралы міндеттердің маңыздылығын атап өтті. Бұл тұрғыда облыста жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын жеткізді.

Баяндамашы балалардың тектен-текке өзіне-өзі қол жұмсамайтынын, бұған ата-аналар, құрдастары, педагогтер тарапынан болған зорлық-зомбылық сияқты бірқатар фактордың итермелейтінін атап көрсетті. Оның айтуынша, биылғы жылы Психологиялық денсаулық және Балаларды қолдау орталықтарының күшімен 36 профилактикалық іс-шара өткізіліп, оған 5500 оқушы қатысқан. Суицид сияқты жағымсыз көріністі болдырмау үшін мәселені тындап, оны шешу жолдарын көрсететін мектеп психологына жиі жүгіну қажет.

Балалар құқығын қорғау жөніндегі облыс бойынша уәкіл Айгүл Есімбекова зорлық-зомбылық, әлімжеттік болған жағдайда қайда жүгіну және өзін қалай қорғау керектігі туралы айтып берді. Осыған байланысты әр

мектепте психологиялық қолдау қызметінің QR-коды «111» орналастырылған. Бұдан басқа, мектептер мен колледждерде зорлық-зомбылықтың алдын алуға арналған «ДосболLIKE» антибуллингтік бағдарламасы енгізілген. Айгүл Қанатқызы сондай-ақ «Жанұя» отбасын қолдау орталығынан білікті психологиялық көмек пен қолдау көрсететін, тестілеу өткізетін «Ата-ана университеті» деп аталатын цифрлық платформа бар екенін жеткізді. Ол өз-өзіне қол жұмсаудың 60%-ы жанжалдан және отбасындағы қолайсыз жағдайлардан туындайтынын мәлімдеді. Өзінің көпжылдық тәжірибесіне сілтеме жасай отырып, ол биыл ҰБТ тапсыру кезінде 60 бала ата-аналардың қысынсыз талаптарының салдарынан қауіп-қатерге ұшырағанын және олар психологиялық қолдау орталықтарына хабарласып, көмек сұрағанын жеткізді.

Оның айтуынша, балалар кәмелеттік жасқа толмағанына қарамастан, 14 жастан бастап заңға қайшы мінез-құлқы мен қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Биылғы жылы 102 бала түрлі жауапкершілікке тартылған.

Талғар аудандық полиция басқармасы бастығының орынбасары Берік Нұрғалиев отбасының бала өміріндегі басты тәрбиеші екенін еске салып, түнгі уақытта жасөспірімдердің ойын клубтарына баруы туралы деректерді жариялады.

– Олармен жағымсыз жағдайлардың алдын алу жөнінде әңгімелер өткізіп, ата-аналарға кәмелетке толмаған балаларын кешкі сағат 22.00-ден кейін жібермеуге кеңес береміз, – деді ол.

Аудандық прокуратураның аға прокуроры Рашид Шотбаев та осындай ой айтты. Психолог Мөлдір Әміртайдың ата-аналар мен балалар арасындағы психологиялық проблемалар туралы әңгімесі де әсерлі шықты. Айтуынша, жасалған суицидтердің 80%-ы ата-аналардың қысымынан болады. Сондықтан ол істі шектен шығармауға және білікті көмекке жүгінуге шақырды.

Жиында облыста өз-өзіне қол жұмсау деректері өткен жылмен салыстырғанда айтарлықтай азайғаны айтылды. Оған әлімжеттік пен зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша барлық мүдделі құрылымдардың бірлескен жұмысы әсер еткен.

Талғар ауданы

БРИФИНГ

Ауылдар сапалы интернетпен қамтылды

Алматы облысында интернет қолжетімділігі артып, цифрлық қызметтер жақсарып келеді. Елді мекендердің 95 пайызы бүгінде кең жолақты интернетпен қамтамасыз етілген. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен брифингте мәлім болды. Облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Жандос Ақыл өңірді цифрландыру қарқыны мен алдағы жоспарлар туралы баяндады.

● Құралбек СӘБИТОВ

Спикердің айтуынша, облыстағы 373 елді мекеннің 355-і кең жолақты интернетке қосылып, соның ішінде 352 ауылда мобильді интернет толық жұмыс істейді. Бұл көрсеткіштер ауылдық аумақтардағы өмір сапасын жақсарту, мемлекеттік қызметтің қолжетімді болуын қамтамасыз ету және білім, денсаулық сияқты маңызды салалардың тиімділігін арттыруға бағытталған.

«Биыл облыста бірнеше ауылға мобильді интернет жүргізілді. Атап айтқанда, Еңбекшіқазақ ауданындағы Көкпек, Ұйғыр ауданындағы Рахат, Балқаш ауданындағы Қоскүмбезд, Кеген ауданындағы Ақай Нүсіпбеков ауылдары жылдам интернетке қол жеткізді. Бұл жұмыстар мұнымен тоқтап қалмайды. Жыл соңына дейін Қарасай ауданына қарасты Көктөбе ауылында 4G байланысы енгізіліп, Кеген ауданы Талды ауылында интернет жылдамдығы артады, – деді Жандос Ақыл.

Басқарма басшысы «Қолжетімді интернет» жобасы аясында шалғай ауылдарға спутниктік байланыс орнату жұмыстары жалғасып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша,

қазіргі таңда «OneWeb» байланысы Қарасай ауданындағы Айқым, Күркүдық, Жыңғылды ауылдарына, Кеген ауданы Жіңішке ауылына, сондай-ақ Балқаш ауданы Қасқаөз ауылына орнатылған. Жыл соңына дейін Жамбыл ауданындағы Қарабастау, Қарасай ауданына қарасты Көктөбе ауылдары қамтылады. Бұл – географиялық тұрғыда алшақ жатқан өңірлердің де цифрлық теңсіздіктен арылып, интернетке еркін қосылуына жол ашатын бастама.

Брифинг барысында қоғамдық орындарда тегін интернет орнату жұмыстары да таныстырылды. Жаңа бастама аясында тұрғындар парктерде, Мәдениет үйі аумағында, спорттық нысандарда, халық көп шоғырланатын әлеуметтік орындарда Wi-Fi-ға еркін қосыла алады. Бұл шағын және орта бизнес, жастар, оқушылар, сондай-ақ ақпаратқа жедел қол жеткізуді қажет ететін тұрғындар үшін қолайлы болады.

Жандос Ақыл өңіріміздің цифрландыру саласы интернетпен ғана шектелмейтінін, аймақта жасанды интеллект технологиясын

енгізу де мықтап қолға алына бастағанын атап өтті. Ол:

– Қазіргі таңда облыста 9425 бейнебақылау камерасы жасанды интеллект алгоритмдерімен біріктірілген. Бұл жүйе қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға елеулі үлес қоспақ, – деп сөзін жалғады. Сондай-ақ спикер жасанды интеллект жүйесі – «Qonaev AI» платформасына да тоқталды. Қазіргі уақытта жүйе пилоттық режимде жұмыс істейді. «Qonaev AI» платформасы облыс әкімдігі мен басқармаларынан түсетін деректерді біріктіріп, тиімді шешім қабылдау үшін ұсыныстар береді. Бұл – цифрландыру саясатының басқару сапасын жақсартуға бағытталған жаңа қадам.

Баспасөз конференциясында Алматы облысының цифрлық трансформация картасы әзірленіп, аталған құжат Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінде қаралып жатқаны айтылды. Бұл стратегиялық құжат болашақта цифрлық қызметтерді, IT-инфрақұрылымды, мемлекеттік басқаруды және жасанды интеллекттің қолдану аясын арттыра түседі.

ӨНЕГЕ

ӨЗІНДЕЙ ҚАМҚОР ӘКЕ ҚАЙДА МАҒАН?!

Иә, Нұрқасым Алматы облысының шығысындағы шекаралы аймақта орналасқан Сүмбе ауылының тумасы. Мектепте үлгілі оқушы атанды. Мектепті бітірген соң Отан алдындағы парызын өтеу үшін әскер қатарында қызмет етті. Сарбаздардың аспазы, татар қызы Мәдинамен танысып, екеуінің арасында сезім гүлі бүршік жарады. Әскерлік мерзімі аяқталып, Нұрқасым мен Мәдина



қол ұстасып, ауылға келеді. Олар тату-тәтті өмір сүріп жатты. Нұрқасым қысқа мерзімді бухгалтерлік курсты тәмамдап, ұжымшарда есепші, ал Мәдина дала қостарында шөпшілерге, тракторшыларға, тағы басқа еңбек көрігін қыздырған жұмысшыларға аспаз болып еңбек етті. Нұрқасым өз ортасында турашыл болды. Тік айтатын мінезінен көп адам жанындаудан жасқанатын. Жағымпаздықты жаны сүймейтін. Ата-бабасының шежіресін жақсы білетін. Кімнің кімге жақын екенін, аталарының өсиеттерін, жеке қасиеттерін кейінгілерге білдіруді өзіне міндет санайтын. Тағы бір ерекшелігі – қанағатшыл, дүниеге қызықпайтындығы. «Өзінің еңбекақысымен ғана өмір сүруді ұнататын, ешкімнің ала жібін аттамаған, таза адам еді» дейтін білетіндер.

Нұрқасым көркем әдебиетті, қазақ ақын-жазушыларының шығармаларын көп оқитын. Өзі ғана оқып қоя салмай, сыйлас, сырлас адамдарына шығармаларды әңгімелеп: «Оқысаң, көп нәрсені білесің. Көкірек көзің ашылады», – деп оқымасына қоймайтын. Білімге құштарлығының ба, ізденімпаздығынан ба, өзі айтқандай, көп нәрсені білетін. Нұрқасымның тағы бір ерекшелігі туысқаншыл еді. Қариясы бар туыстарына жиі барып, үлкендерге сәлем беріп, қал-жағдайларын біліп тұратын. Көмек керектеріне шамасынын келгенінше қолұшын созатын. Басқа туыстарын да көмек қолын созуға жұмылдыратын. Нұрқасымды өзінен кейінгі іні-қарындастары «Связной аға» дейді екен. «Ештен де кеш жақсы» ұстанымын қуаттайтын Нұрқасым есейіп кеткеніне қарамастан Талғар қаласындағы ауылшаруашылық техникумының бухгалтерлік факультетіне түсіп, бухгалтер-экономист мамандығын алып шығады.

Өмірде қуаныш пен қайғы қатар жүреді емес пе? Өкінішке қарай, аяқ астынан жабысқан дерт Мәдинаның өмірін жалмайды. Бүбіжан әжесі өте балажан болды. Кішкентайынан Гүлдәрмістің уақытылы тамағын беріп, қасына алып жатып, арқасына көтеріп жүруден жалықпайтын. Жалғыз немересінің басынан құс ұшырмайтын. Тіршілігін де тындыратын. Гүлдәрміс 7-сыныпта оқып жүргенде Бүбіжан әжесі қайтыс болып кетті де, үйде әкесі мен қызы ғана қалды. Гүлдәрміс кішкентайынан үй тіршілігіне араласып, әжесіне көмектесетін. Тамақ пісіруді де үйреніп алған. Әкесі жұмыста болғанда тамағын әзірлеп, кірін жуып, үй тазалап қоятын. Әкесі жұмыстан қайтып, ішке бас сұққанда-ақ қызы алдынан жүгіріп шығатын. Әкесі маңдайынан сүйіп:

– Иә, қызым, не тындырдың? – деп есеп сұрайтын.

– Тамақ пісірдім, кір жудым, су әкелдім, – деп істегендерін тізбелей жөнелетін.

– Қызым, «Істегенің маған жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы» дейді екен бұрынғы өткен шешелеріміз. Сол айтылғандай, істегенің жақсы-ақ, бірақ ең басты міндетің – сабағыңды жақсы оқу. Болашақта білімді азамат болуың керек. Білімсіздік – қараңғы түнекпен тең. Алдымен ертенгі сабақтарыңды дайындап болып, сонан соң үй шаруасына кіріс. Уақыт – өмір, өтіп жатыр. Уақыттан ұтылмау үшін оны тиімді пайдалан. Бір минуттыңды босқа жіберме. Жарай ма, қызым?

– Жарайды. Сабағым жақсы, әке. – Өте жақсы болуы керек. Су тасыма, от жақпа. Бұғанаң бекімей жатып ауыр зат көтерме. От жағуды, су тасуды, тағы басқа ауыр жұмыстарды маған қалдыр.

Нұрқасым қызын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтықтырмай, алақанына салып, аялап өсірді. Әкесі қызының айтқанына ден қойса, қызы да әке көңілін қалдырған емес. Құрдастары, туыстары Нұрқасымға: «Басың жас. Неге үйленбейсің? Қашанғы сыртқа шықсаң еркектің, үйге кірсең әйелдің тіршілігін істеп жүресің?» – деп ақыл-кеңестерін жаудыратын. «Қызымды өгей шешенің қолына қаратып, жәутендеткім келмейді», – дейтін Нұрқасым. Бұл отбасымен араласатын көршілер,

туыстар Нұрқасымның тәрбиесіне тандай қағатын.

– Нұрқасым еркек басымен қызын қалай тәрбиелеген десеңші?! Өткенде бір бұйымтаймен үйіне кіріп қалдым. Сөйтсем Нұрқасым шалбарының балағын тізесіне дейін түріп, жейдесінің жеңін сыбанып, еден жуып жатыр. Қызы арғы бөлмеде кітап оқып отыр. Ұялтпайын деп шығып кеттім, – дейді көршілерінің бірі.

– Е-е, жуса несі бар?! Бармақтай қыздың мойнына бар шаруаны артып қойса, жүнжіп кетпей ме? – дейді екіншісі.

– Қызы сыныбындағы оқушылардың алды екен. Сондай жетістікке жетіп отырғаны – әке тәрбиесі, – дейді үшіншісі.

Содан қойшы, көршілері әке тәрбиесінің қыр-сырына көздерін жеткізе алмай, мыстары құритын. Гүлдәрміс мектепті бітіріп, Алматыға оқуға кеткенде әкесі үйде жалғыз қалды. Қызы қаладан жиі келіп, әкесінің жағдайын жасап, кірін жуып, үй тазалап кететін. Нұрқасым жұмысынан қол үзген емес. 1986 жылы зейнетке шықты. Қызы оқуын тәмамдап, Іле ауданына қызметке келді. Өзімен бірге істейтін Шойбек есімді жігітке тұрмысқа шықты. Гүлдәрміс әкесін қолына көшіріп алды. Күйеубаласы да ақылды, мейрімді, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсететін адам болып кездесті. Гүлдәрміс пен Шойбектен үш жиен немере сүйді. Атап айтқанда, Шынар, Дәрия атты қыздар мен Айбек есімді ұлды кішкентай кездерінен өзі бақты. Балабақшаға бермеді. Зейнеткер болғандықтан жиендеріне өзі бас-көз болды. Балалардың әкешешесін жұмыстан қалдырмады. Қызын қалай аялап өсірсе, жиендерін де солай аялады. Балаларды жан жүрегімен жақсы көрді. Балақайларды мектепке де өзі жетелеп ертіп барды. Түсінбегендерін түсіндірді. Ненің дұрыс, ненің бұрыс екенін ұғындырды. Қысқасы, оларды үйде өзі оқытты. Жақсы оқып, бір-бір маман иесі болу керектігін саналарына құйды. Нағашы атасының еңбегі жанып, бәрі оқуға түсті. Жоғары білім алды. Бірақ атасы кішкентайлардың үлкен азамат болғанын көре алмады. 2002 жылы дүние салды.

Гүлдәрміс әкесін арулап аттандырды. Қырқын, асын беріп, басына ескерткішін орнатып, әке алдындағы міндетін адал атқарды. Атасының өнегесін алған жиендері де үнемі еске алып, Құран бағыштап отырады. Гүлдәрмістің тұңғышы Шынар Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ политехникалық университетінің магистратурасын, докторантурасын бітірді. Досжан есімді жігітке тұрмысқа шыққан. Бүгінде үш баласы бар. Ал Дәриға «Нархозды» аяқтады. «Халық банкте» жұмыс істейді. Айбек Алматының авиация университетінде оқыды, мамандығы – ұшқыш. Тікұшақ тізгіндейді. Атырауда тұрады. Зәуре есімді қызға үйленген. Екі қыздың әкесі. Әке арманы орындалды, қыз да болса, әкесінің ұлындай болған Гүлдәрміс ұрпағына атадан қалған ұлағатын сіңірді, үлкен өмірге қанат қақтырды. Бакыт деген осы да!

Тұрсынхан ШӘЛДИБЕКҚЫЗЫ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

ӨНЕР

Жамбыл ауданының орталығы Ұзынағашта белгілі суретші, мүсінші, ұстаз, ҚР Суретшілер одағының мүшесі, Мәдениет саласының үздігі Ахат Манапов атындағы өнер және білім орталығы ашылды. Салтанатты шараға Жамбыл ауданының әкімдігі, өнер адамдары мен мәдениет қызметкерлері, тұрғындар және суретшінің туған-туыстары қатысты.

Серік САТЫБАЛДИЕВ

Көпшілік алдында сөз алғандар Ахат Манаповтың ұрпаққа өнеге болар игілікті істерін тілге тиек етіп, естеліктерімен бөлісті. Мәңгілік сапарға аттанғанына жылға жуықтаған аяулы жанның өнер саласында өнімді еңбек еткені, осы орталықтың құрылысын өзі бастап, аяқтауға жақын калғанда тағдырдың жазуымен бақилық болғаны өкінішпен айтылды. Артында балаларды өнер-білімге баулитын мекеменің ашылуы дәтке қуат. Енді осы орталықтан талапты жастар тәлім алады.

Өмірін сурет пен мүсіншілікке арнап, шәкірт тәрбиелеп, туған өлкесінің әсем табиғатын кенеп бетіне түсірген Ахат Манаповтың өнегесі туралы облыстың Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері, белгілі атбегі Орынтай Әміргалиев, Суретшілер одағы Алматы және Жетісу облыстық филиалдарының



төрағалары Марат Әбдіреев пен Жүнісхан Ермұхан сөз сөйледі.

Орталықтың ашылу лентасы киылып, келушілерішінаралап көрді. Екі қабатты ғимараттың бірінші қабатында галерея залы ұйымдастырылған. Онда суретшінің әр жылдарда салған картиналары қойылып, бір бұрышта Ахат Манаповтың өмірі мен шығармашылығына арналған шағын мұражай жабдықталған. Екінші қабаты түгелдей оқу кабинеттеріне арналыпты. Заманауи ғимараттың бөлмелері кең де жарық, сабақ өткізуге ыңғайлы. Құрылысты суретшінің өзі жобалаған. Аяқтаған – оның ұлы, сәулетші Сәкен

Ахатұлы. Бұл орталық – Манаповтар отбасының жекеменшігі.

Ахат Артурұлы 1961 жылы 23 қыркүйекте Қарғалы ауылында туған. Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ұстаздары мен достарының портретін айнытпай салуымен таңғалдырып, қабырға газетін безендірген. Мектеп бітірген 1978 жылы қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің көркемсурет-графика факультетіне оқуға түседі. Көптеген білікті ұстаздан тәлім алып, 1982 жылы оқуын аяқтайды. Туған ауылындағы орта мектепте сурет пәні мұғалімі, одан соң Ұзынағаш ауылындағы әкімшілік



ғимараттар мен Мәдениет үйлерін безендіретін аудандық шеберханада суретші болып жұмыс істейді. Тоқырау жылдары шопанның ақ таяғын қолға алып, қойшы да болған. 2000 жылдардың басында мектеп мұғалімі, «Сәулет» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры, ауданның бас сәулетшісі қызметтерін атқарған. Кейінгі жылдары жеке шығармашылық жұмыспен айналысып, өнімді еңбек етті. Сурет өнерінің әртүрлі жанрында салған көптеген туындысы жоғары бағасын алды. Мүсінші ретінде де тарихи тұлғалар мен өнер адамдарының бейнесін сомдап,

өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленді. Өңірдің дамуына қосқан үлесі үшін оған «Жамбыл ауданының Құрметті азаматы» атағы берілген.

Жаңадан ашылған «Ахат» өнер және білім орталығы енді болашақ суретші, мүсіншілердің шығармашылыққа шыңдалар мекені болмақ. Бойында өнер ұшқыны жылт еткен жастар осы жерден шабыт алып, тың туындыларды өмірге әкелеріне сенеміз. Елінің ардақты азаматы Ахат Манаповтың жылдық асы да сол күні таратылып, марқұмның аруағына Құран бағышталды.

Жамбыл ауданы

ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ

Мәлін туралы мәлімет

«Мысық табандап жатып алды» деген тіркес ерекше шапшаңдықты, асқан айлакерлік пен дімтегегіне жетпей тынбайтын қайсарлықты бейнелейді. Жаз мезгілінде Ойқсайлау кордонының (орманышының қызметтік үйі) ауласында дәл осы сөздің мәнін көзбен көргендей болдық. Әдептегі үй мысығынан ірі, ерекше бейнелі бір аң байқалды. Бұрын-соңды тауда мұндайды көрмеппіз.

Бір сәт жемтігіне атылуға дайындалып, тапжылмап сұстанып тұрған аңды тамашалап тұрғанбыз. Сол кезде инспектордың: «Соңғы кезде ғана көріне бастады», – деген дауысы шыққан. Біз дауыстың қайдан келгеніне жалт қарап үлгергенше, әлгі жұмбақ жыртқыш лып етіп қалың жынысқа кіріп кетті. Жұмыс үстеліндегі компьютерге телміріп, фотоқақпанға түскен әрбір фото-бейнелерді саралап отырып, аталған жыртқыштың жабайы мысық екені мамандармен кеңесіп нақтыланды.

Шұбар мысық немесе дала мысығының (Felis libyca Forster, 1780) дене тұрқы – 47,5-74,0 см, салмағы – 1,9-6,3 кг. Ұй мысығына ұқсас. Арқасы қара, қоныр теңбілі бар сұр түсті бауыры ақшыл болып келеді. Оңтүстік және Жетісу өңірінде «Мәлін» деп те атайды. Елімізде екі түршесі кездеседі: ұзын құйрықты мысық және түрікмен мысығы.

Негізінен шөлді аймақтарда мекендейді. Өзен бойындағы тораңғы, жыңғыл, жиде, шенгел, қарасора өскен ну тоғайларда басқа аңдардың тастап кеткен індерін панаалап, кейде ағаш қуыстарында



ұя салып тіршілік етеді. Негізгі азықтары – кеміргіштер, құм қояны, қырғауыл, ондатр, ұсақ торғайлар. Кейде мекендеу аумағына жақын жердегі орманшы және шопандар үйіндегі тауық күркесіне түседі. Ақпан-наурызда мауығып, сәуір-мамырда 2-5-ке дейін ұрпақ әкеледі. Бір қызығы, мауығу барысында қатты дауыс шығарып шуламайды. «Іле Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі аумағындағы Түрген филиалы Жаманбұлақ сайында аңшылық-танушы-биолог З.Тәліпов, аңшылық-танушы М.Найзабеков, мемлекеттік

инспектор Х.Әлиев қойған фотоқақпанға 2025 жылы 12 шілде күні шұбар мысық немесе дала мысығы түсті. Аталған аң түрін ұлттық парк тарихында алғаш рет фото-бейнеге түсіруге қол жеткізілді.

Шұбар мысықтар бірқатар кеміргішті жояды дегенімізбен, зерттеушілердің далалық бақылауы мен жазған еңбектерінен оқып танысқанмыз бойынша сирек кездесетін құстардың өсіміне де кедергі келтіреді екен. Мәселен, Балқаш маңының оңтүстігіндегі 6-10 м биіктіктегі тораңғы ағаштарына салынған жыртқыш құстар ұясында шұбар мысықтардың тіршілік белгілерін (қи, зәрі, тағы басқа) қалдырғаны баяндалады.

Зерттеу әдебиеттерімен танысқанымыздай, Іле Алатауын бақылаған ғалымдар тау баурайында дала мысықтары бар деген мәліметті өз (А.Шнитников, 1936 ж, А.Слудский 1973 ж) еңбектерінде жазып қалдырған. Олар ұлттық парк аумағында тіркелген аң ретінде ресми сүтқоректілер тізімінде белгіленген. Десек те, индикатор түрлердің тізіміне еңбекті, санақ жүргізілмейді. Қазіргі таңда мысықтың «тышқан аулаушы» қызметін дәріленген жем мен қақпан алмастырған кез болса да, асырдыны ұй мысығын қаңғытып жіберуге болмайды. Ондай әрекет жабайы мысықтардың түр ретінде сақталуына кедергі келтіреді. Әрі ол ұсақ құстарға да орасан зиян келтіреді.

Тұңғышбек ЖАПАРҚҰЛОВ,
«Іле Алатауы» МҮТП ғылыми
қызметкері

ХАБАРЛАНДЫРУ	ОБЪЯВЛЕНИЕ
«АЛАТАУ-ҚҰС» АҚ ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Жобаның атауы: «Алматы облысы, Алатау қаласында тауарлы ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейту (4-кезең). Түзету» жұмыс жобасына қоршаған ортаны қорғау бөлімі. Өсер ету аумағы: ҚР Алматы облысы Алатау қаласы, 59А уч. Координаттары: 43°47'22.78"С, 77°01'28.97"Ш, 43°47'15.46"С, 77°01'34.68"Ш, 43°47'06.62"С, 77°01'34.17"Ш, 43°47'04.34"С, 77°01'33.62"Ш, 43°46'59.36"С, 77°01'28.84"Ш, 43°47'01.65"С, 77°01'25.60"Ш, 43°47'09.89"С, 77°01'19.16"Ш, 43°47'18.23"С, 77°01'19.27"Ш. Қоғамдық тыңдаулар өтетін орын: 2025 жылы 24 желтоқсан, сағат 11.00-де ҚР Алматы обл. Алатау к., Ж. Құдайбергенов к-сі, 2, әкімдік ғимараты. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «АЛАТАУ-ҚҰС» АҚ, маман – Китабалиев Н.Т., тел: +7 700 592 1002, Алматы облысы Іле ауданы, Байкент ауылдық округі, Байкент ауылы, ғимарат 1, пошта индексі 040726. Әзірлеуші: «KZ Ecology» ЖК, Алматы облысы, Қарасай ауданы Бекболат ауылы, Атамекен көшесі, 24 А, тел: 8 (707) 3837818 e-mail: Jonistf.86@mail.ru. Жобалық құжаттама пакетімен https://ndbecology.gov.kz/ ақпараттық жүйесінде, сондай-ақ «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сайтында «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей қабылданады. Электрондық мекенжайлар: https://ndbecology.gov.kz/; 329267eco@mail.ru. Қағаз нысанда мекенжай: ҚР Алматы облысы Іле ауданы, Байкент ауылдық округі, Байкент ауылы, ғимарат 1, пошта индексі 040726. Тыңдауларға қатысу үшін 2025 жылғы 24 желтоқсан, сағат 11.00-де мына сілтеме бойынша өту қажет: https://us05web.zoom.us/j/87080412643?pwd=1q6T7inbiu0NjGiNZ8qYG1W59qna.1 Конференция идентификаторы: 870 8041 2643. Кіру коды: 6geLm9. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша кездесіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады. «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ сілтемесі: https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/about?lang=kk	АО «АЛАТАУ-ҚҰС», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания. Наименование проекта: Раздел ООС к Рабочему проекту «Расширение товарного сельскохозяйственного производства (4 этап) в г. Алатау Алматинской области. Корректировка». Территория воздействия: РК, Алматинская область, город Алатау, уч. 59А. Координаты: 43°47'22.78"С, 77°01'28.97"В, 43°47'15.46"С, 77°01'34.68"В, 43°47'06.62"С, 77°01'34.17"В, 43°47'04.34"С, 77°01'33.62"В, 43°46'59.36"С, 77°01'28.84"В, 43°47'01.65"С, 77°01'25.60"В, 43°47'09.89"С, 77°01'19.16"В, 43°47'18.23"С, 77°01'19.27"В. Общественные слушания состоятся: 24 декабря 2025 года в 11.00 часов по адресу: Алматинская обл., г.Алатау, ул. Ж. Құдайбергенова, 2, здание аппарата акима. Инициатор намечаемой деятельности: АО «АЛАТАУ-ҚҰС», специалист – Китабалиев Н.Т., тел: +7 700 592 1002, Алматинская область, Илийский район, сельский округ Байкент, село Байкент, здание 1, почтовый индекс 040726. Разработчик: ИП «KZ Ecology», Алматинская область, Карасайский район, п. Бекболат, ул. Атамекен, 24А, тел: 8 (707)3837818, e-mail: Jonistf.86@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе https://ndbecology.gov.kz/, а также на сайте ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», в разделе «Общественные слушания». Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний по электронным адресам: https://ndbecology.gov.kz/; 329267eco@mail.ru, в бумажной форме по адресу: Алматинская область, Илийский район, сельский округ Байкент, село Байкент, здание 1, почтовый индекс 040726. Для участия в слушаниях 24 декабря 2025 года в 11.00 часов необходимо прийти по ссылке: https://us05web.zoom.us/j/87080412643?pwd=1q6T7inbiu0NjGiNZ8qYG1W59qna.1 Идентификатор конференции: 870 8041 2643. Код доступа: 6geLm9. Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефону инициатора намечаемой деятельности. Ссылка ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области»: https://www.gov.kz/memleket/entities/almobl-tabigat/about?lang=kk

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАҢБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС	8 705 261 50 98
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ	8 777 218 63 25

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.



Бас редактордың
бірінші орынбасары:

Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың
орынбасары:

Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:

Шолпан НҰРЖАУОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:

Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ

Бас редактор:

Қуаныш ТҮНҒАТАР

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтотардағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.

Тапсырыс – 1178

«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823.

Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ